

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігіҚазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің 2020  
жылғы 22 мамырдағы № 219  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2020 жылғы 22  
мамырда № 20695 болып тіркелдіМинистерство образования и науки Республики  
Казахстан

## **Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі  
Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша  
білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» мемлекеттік қызметін көрсету  
қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7  
сәуірдегі № 170 бұйрығымен бекітілген «Балаларға қосымша білім беру бойынша  
қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты» (Нормативтік құқықтық актілерді  
мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10980 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 мамырда  
«Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күшін жоғалтқан деп  
танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке  
дейінгі және орта білім беру комитеті (М.Т. Мелдебекова) Қазақстан  
Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде  
мемлекеттік тіркелуін;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі**

**А. Аймагамбетов**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 22 мамыры  
№ 219 бұйрығына  
қосымша

**«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру  
ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау»  
мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы қағидасы» «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10 - бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қосымша білім беру ұйымдарына және жалпы орта білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) құжат қабылдаудың тәртібін анықтайды.

2. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметті балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

**2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

3. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге қағаз жүзінде немесе жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы және (немесе) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру

---

ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптарды тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларға қосымшаға сәйкес баяндалған.

---

*Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.08.2024 № 199 (алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

4. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдауды жүзеге асырады, құжаттардың толықтығын тексереді және негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес электрондық нысанда қолхат рәсімдейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) жеке басын куәландыратын құжаттары және баланың туу туралы куәлігі ақпаратты «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге жіберуі өтінішті қабылдаған күннен бастап курьер арқылы 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

---

*Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.08.2024 № 199*

---

*(алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

4-1. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі көрсетілетін қызметті алушылардың қабылданған өтініштерін берілген күні мен уақыты бойынша хронологиялық тәртіппен тіркейді.

---

*Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

5. Балалар музыка, балалар көркем мектептерін, балалар өнер мектептерін және көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерді қоспағанда, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішті ресімдеу тәртібімен жүзеге асырылады.

Балалар музыкалық, балалар көркем мектептеріне, балалар өнер мектептеріне және көркем-эстетикалық бағыттағы мектептерге қабылдау әңгімелесу нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

Әңгімелесу барысында педагог балалардың өнердің әртүрлі түрлері (музыкалық, бейнелеу, хореографиялық, театрлық) саласындағы қабілеттерінің даму деңгейін анықтайды.

---

*Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Оқу-азарту министрінің 01.09.2022 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

5-1. Бос орындар болған жағдайда көрсетілетін қызметті берушілерді хабардар ету бойынша күнтізбелік жыл ішінде қосымша қабылдау осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға өтінішті алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде курьерлік байланыс арқылы жүзеге асырады.

---

*Ескерту. Қағидалар 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

5-2. Ішкі істер органдарында есепте тұрған девиантты мінез-құлықты балалар басым тәртіппен проактивті форматта балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарына қабылданады. Қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне мемлекеттік көрсетілетін қызмет проактивті тәсілмен, қызметті берушінің бастамасымен көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталында тіркеген кезде көрсетілетін қызметті берушінің және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы, проактивті жолмен көрсетілуі мүмкін және оған:

1) қосымша білім беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салумен көрсетілетін қызметті алушыға автоматты хабарламалар жіберу;

2) проактивті қызметті көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімін алу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының көмегімен шектеулі қолжетімді мәліметтерді алу енеді.

Көрсетілетін қызметті алушыдан жауапты күту мерзімі сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағатты құрайды.

---

*Ескерту. Қағида 5-2-тармақпен толықтырылды -ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.08.2024 № 199 (алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

6. Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласында уәкілетті орган белгілеген тәртіп бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезеңі туралы ақпараттық жүйеге мәліметтер енгізуді қамтамасыз етеді.

6-1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 5-тармағына, 14-бабының 3-тармақшасына, 23-бабына сәйкес орталық мемлекеттік орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға сәйкес жаңартады және көрсетілетін қызметті берушілерге, Бірыңғай байланыс орталығына, Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

---

*Ескерту. Қазіда 6-1-тармақпен толықтырылды -ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.08.2024 № 199 (алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

---

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

---

*Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда --ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.08.2024 № 199 (алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

7. Егер заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

---

*Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.08.2024 № 199 (алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

8.

*Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

**«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету қағидаларына қосымша**

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 01.03.022 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.09.2022 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.08.2024 № 199 (алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары, жалпы орта білім беру ұйымдары.
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жүзінде немесе жергілікті атқарушы органдардың, Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: 1) құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап-30 (отыз) минут; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 (он бес) минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут. Балаларға арналған музыкалық, балалар көркемсурет мектептерін, балалар өнер мектептерін және көркемдік-эстетикалық бағыттағы мектептерді қоспағанда, оларға қосымша білім беру жөніндегі қосымша білім беру ұйымдарына қабылдау Бос орындар болған кезде жүргізіледі.  Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: 1) құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап-1 (бір) жұмыс күні, бұл ретте құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді; 2) мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут.  Балалардың музыкалық, балалар көркемсурет мектептеріне және балалар өнер мектептеріне, көркемдік-эстетикалық бағыттағы мектептерге қабылдау әңгімелесу қорытындысы бойынша жүргізіледі.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	

		Құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру осы негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға және қосымша білім беру ұйымына қабылдау кезінде немесе дәлелді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алына-тын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Ақылы / Тегін. Балаларға қосымша білім бергені үшін ақы төлеу оларды ақылы негізде қосымша білім беретін ұйымдарға қабылдау фактісі бойынша жүргізіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі	1)Көрсетілетін қызметті берушінің: көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін; Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады; 2) Мемлекеттік корпорация: дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа; Қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен, кәмететке толмағанның тұрғылықты жері бойынша, жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы «брондауға» болады; Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға: 1) ата-аналардың бірінің (немесе өзге де заңды өкілдердің) негізгі талаптарының тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілдерінің)біреуінің жеке басын куәландыратын құжат және баланың туу туралы куәлігі не цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) электрондық құжат; 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы бұйрығымен бекітілген № 027/е нысан бойынша Медициналық анықтама № ҚР ДСМ-175/2020 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген); 4) негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі. Ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) біреуінің, баланың жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық установеітiгiн анықтау; 2) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік кор-	

---

пация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777 арқылы алу мүмкіндігі бар.
--	--

«Балаларға қосымша білім  
беру бойынша қосымша білім  
беру ұйымдарына құжаттарды  
қабылдау және оқуға  
қабылдау» Мемлекеттік  
қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі талаптардың  
тізбесіне қызметтер  
1-қосымша

Қосымша білім беру  
ұйымы атауы басшысына

ТАӘ (болған жағдайда) толық  
Нысан

### Өтініш

Менің ұлымды/қызымды (ТАӘ (болған жағдайда) ЖСН)

(елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атауы) мекендейтін оқу үшін

(қосымша білім беру ұйымының толық атауы)

Мен баланың келесі санаттан екенін хабарлаймын (қажетіне қарай көрсетіңіз):

- 1) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- 2) даму мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедектігі бар балалар, мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар;
- 3) көп балалы отбасылардың балалары;
- 4) арнаулы әлеуметтік көрсетілген қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы және қолдау орталықтарындағы балалар;

4-1) ішкі істер органдарында есепте тұрған девиантты мінез-құлықты балалар;

5) жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарында, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балалар;

6) дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балалар;

7) интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілері;

8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар;

9) денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда оқитын балалар;

10) Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар;

11) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар;

12) жоғарыда аталған санаттардың ешқайсысына жатпайды.

Өтінішімнің өзгеруі туралы маған келесі тәсілдермен хабарлаңыз:

1) электронды sms (sms) - келесі ұялы телефон нөмірлеріне еркін түрде хабарлама (екі нөмірден аспауы керек):

\_\_\_\_\_;

2) еркін нысандағы хабарламалар электрондық поштаға:

\_\_\_\_\_.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісетінімді растаймын.

Қолы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

«Балаларға қосымша білім  
беру бойынша қосымша білім  
беру ұйымдарына құжаттар  
қабылдау және оқуға қабылдау»  
Мемлекеттік қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі талаптардың  
тізбесіне қызметтер  
2-қосымша  
Нысан

### Қолхат

Білім беру ұйымының (балаларға арналған қосымша білім беру  
ұйымдарының)  
ата-аналардан (занды тұлғалардан) құжаттарды алғаны туралы

\_\_\_\_\_

(ұйымның толық атауы)

\_\_\_\_\_

(елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атауы)

№ \_\_\_\_\_ құжаттарды қабылдау туралы қолхат

келесі құжаттар \_\_\_\_\_ алынған:

(көрсетілген қызмет алушының Т.А.Ә. (болған жағдайда)

1. өтініш

2. басқа \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Өтінішті қабылдау күні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (болған жағдайда) (құжатты қабылдаған жауапты) \_\_\_\_\_

(қолы)

Телефон \_\_\_\_\_

---

Алдым: Т.А.Ә. (болған жағдайда)/көрсетілген қызметті алушы)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

«Балаларға қосымша білім беру  
бойынша қосымша білім беру  
ұйымдарына құжаттар қабылдау  
және оқуға қабылдау»  
Мемлекеттік қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі талаптардың  
тізбесіне қызметтер  
3-қосымша  
Нысан

**Дербес деректерге қол жеткізуге келісімі**

Мен, \_\_\_\_\_,  
(аты-жөні, тегі)

Жеке куәлік \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_,  
(құжат түрі)

\_\_\_\_\_ берілді,  
(кім және қашан)

\_\_\_\_\_ мекен-жайында  
тіркелген.

\_\_\_\_\_ мекен-жайында  
тіркелген  
(ұйымның мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ (кімге, ұйымның атауы)  
менің ұлымның (қызымның)

\_\_\_\_\_ аты-жөні

\_\_\_\_\_ мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес

---

берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімімді  
беремін.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл" \_\_\_\_\_

қолы аты-жөні

«Балаларға қосымша білім беру  
бойынша қосымша білім беру  
ұйымдарына құжаттар қабылдау  
және оқуға қабылдау»  
Мемлекеттік қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі талаптардың  
тізбесіне қызметтер  
4-қосымша  
Нысан

**Дербес деректерге қол жеткізуге келісімі**

Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабының 2 тармағын басшылыққа ала отырып «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы «Мемлекеттік корпорация (мекенжайын көрсету) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінде көзделген тізбеге сәйкес және (немесе) өткен мерзімге байланысты құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты" балаларға қосымша білім беру жөніндегі қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметке құжаттарды қабылдаудан бас тартады құжаттардың әрекеттері, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_;

2) \_\_\_\_\_;

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің Т.А.Ә (бар болса) (қолы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә (бар болса) (қолы)

Алды: \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә (бар болса) (көрсетілетін қызметті алушының қолы)



Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық  
актілердің эталонды бақылау банкі  
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов  
Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні	02.08.2024
Сақтау күні	19.05.2026
Дата редакции	02.08.2024
Дата скачивания	19.05.2026

---

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ЖЫЛ.